

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

	<p>Секция 1. Туристiк компаниялардың цифрлық трансформациясы: жаңа бизнес үлгiлерi мен қызметтерi. Секция 1. Цифровая трансформация туристских компаний: новые бизнес-модели и сервисы. Section 1. Digital transformation of tourism companies: new business models and services</p>		
1	М.Х.Курбанова	DIGITAL TRANSFORMATION IN RELIGIOUS TOURISM: ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC INSIGHTS FROM BUKHARA	3
2	Д.Б. Мұсаева	ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ БОЛЖАУ ӘДІСТЕРІ: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ КОНТЕКСТІНДЕ	8
3	А.С Нахипбекова, Ж.С Ракишова	ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ КАТОНҚАРАҒАЙ ӨНІРІНДЕГІ ТУРИЗМДІ ДАМУ	17
4	Хамраев Х.Р.	КОНЦЕПЦИЯ СОЗДАНИЯ ТЕМАТИЧЕСКОГО ПАРКА «АВИЦЕНА» В БУХАРЕ	22
5	Юлдашев К.Ш.	ЗНАЧЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО ТУРИЗМА И ИХ РАСПРОСТРАНЕНИЕ В ГЛОБАЛЬНОМ МАСШТАБЕ	36

Секция 2. Туризм тәжірибесі мен қонақжайлылықтағы инновациялық технологиялар.

Секция 2. Инновационные технологии в туристском опыте и гостеприимстве.
Section 2. Innovative technologies in tourism experience and hospitality

6	М.М. Асқарова	ӨРТҮРЛІ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ШАЙПҰЛДЫҢ МӘДЕНИ ҚАБЫЛДАНУЫ	44
7	Исмоилова С.К.	ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОГО ТУРИЗМА: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ АНГКОР И КАМИНО-ДЕ-САНТЬЯГО КАК ОРИЕНТИР ДЛЯ КАЗАХСТАНА И ТАДЖИКИСТАНА	51
8	Кабдолла М.Б.	ИННОВАЦИИ В УПРАВЛЕНИИ ТУРИСТИЧЕСКИМИ ДЕСТИНАЦИЯМИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ С ПРИМЕНЕНИЕМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ	56
9	Қалдарбек Т.М.	ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ МЕН ЫҚПАЛЫ	64
10	А.Н. Сансызбай	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ МЕН ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ	69
11	К.К. Kusainov, В.М. Khussainov	ВЛИЯНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ТУРИСТСКИЙ ОПЫТ И ГОСТЕПРИИМСТВО ИСТОРИКО-МУЗЕЙНОГО КОМПЛЕКСА «БУКЕЕВСКАЯ ОРДА»	76

Секция 3. Цифрландыру дәуіріндегі туризмнің тұрақты дамуы.
 Секция 3. Устойчивое развитие туризма в эпоху цифровизации.
 Section 3. Sustainable tourism development in the era of digitalization

12	И.О.Давронов, О.О. Раджабов	УСТОЙЧИВОЕ УПРАВЛЕНИЕ ГОСТИНИЧНЫМ ХОЗЯЙСТВОМ КАК КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ТУРИСТСКИХ РЕГИОНОВ (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА БУХАРЫ)	84
13	М. Х. Каражанова	ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ӨНІРЛІК ДАМУ: КАТОНҚАРАҒАЙ МЕН АҚМОЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ЭКОБРЕНДИНГІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЗЕРТТЕУ	92
14	Andleeb Zehra, Dr. Rab Nawaz Lodhi	PROMOTING SUSTAINABLE TOURISM THROUGH NEUROMARKETING: MARKETERS' PERCEPTIONS IN PAKISTAN	100
15	Д.М. Муратбекова	ҚАЗАҚСТАНДА КИЕЛІ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ: ЦИФРЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ	104
16	Т.К. Рахимжанова А.Т. Тлеубайқызы	ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ESG ҚАҒИДАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМДІ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	110
17	Тасанова Г.Д. Кондауров В. Ткачук К.	РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	119
18	Тасанова Г.Д. Кахраманова С.Т.	УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ	126

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ «ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



«ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНА ӘСЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
30 қыркүйек 2025 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ИНДУСТРИЮ ТУРИЗМА»
30 сентября 2025 года

PROCEEDINGS
International scientific and practical conference
**«THE IMPACT OF DIGITAL TECHNOLOGIES ON THE TOURISM
INDUSTRY»**
September 30, 2025

Астана, Қазақстан
Астана, Казахстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.48:004

ББК 65.422.5-803

Ц 43

Жауапты редактор / Ответственный редактор / Responsible editor:

профессор Л.М. Муталиева

Ц 43 Цифрлық технологиялардың туризм саласына әсері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025.

Влияние цифровых технологий на индустрию туризма: Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2025.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The Impact of Digital Technologies on the Tourism Industry**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2025.

ISBN 978-601-385-138-9

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында Қазақстан Республикасында және шет елдерде туризм индустриясына цифрлық технологиялардың әсеріне арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда туризмді цифрландырудың жаңа бағыттары, смарт-инфрақұрылым мен инновациялық сервистерді дамыту, жасанды интеллект пен үлкен деректерді (Big Data) қолдану арқылы туристік қызмет сапасын арттыру мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ тұрақты туризмді дамыту, цифрлық маркетинг, мәдени және табиғи мұраны виртуалды форматта таныстырудың өзекті аспектілері талданады. Жинақ туризм, қонақжайлылық, IT және экономика салаларының мамандарына, ғалымдарға, оқытушылар мен студенттерге арналған.

В сборнике рассматриваются актуальные вопросы влияния цифровых технологий на развитие индустрии туризма. Представлены результаты научных исследований и практических разработок, посвящённых цифровой трансформации туризма, внедрению инновационных платформ и сервисов, использованию искусственного интеллекта и анализа больших данных (Big Data) в управлении туристическими потоками и сервисами. Отдельное внимание уделено вопросам устойчивого туризма, цифрового маркетинга, брендинга дестинаций и популяризации культурного наследия с применением технологий виртуальной и дополненной реальности. Сборник предназначен для специалистов в области туризма и гостеприимства, преподавателей, исследователей, магистрантов, докторантов и студентов.

The collection addresses current issues related to the impact of digital technologies on the tourism industry. It presents research findings and practical insights on the digital transformation of tourism, including the development of innovative platforms and smart services, the application of artificial intelligence and Big Data in tourism management, and the improvement of service quality through digital tools. Special attention is given to sustainable tourism development, digital marketing, destination branding, and the use of virtual and augmented reality for promoting cultural and natural heritage. The proceedings are intended for tourism and hospitality professionals, educators, researchers, postgraduate students, and practitioners in the fields of IT and economics.

УДК 338.48:004

ББК 65.422.5-803

Ц 43

ISBN 978-601-385-138-9

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2025

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.

За содержание материалов, включенных в сборник, ответственность несут авторы.

Authors are responsible for the content of their materials.

Список литературы

1. Bohdanowicz P. Environmental awareness and initiatives in the Swedish and Polish hotel industries—survey results // *International Journal of Hospitality Management*. – 2006. – Vol. 25, № 4. – P. 662–682.
2. Millar M., Baloglu S. Hotel guests' preferences for green hotel attributes // *Cornell Hospitality Quarterly*. – 2011. – Vol. 52, № 3. – P. 302–311.
3. Gössling S., Hall C. M. *Tourism and global environmental change: Ecological, social, economic and political interrelationships*. – London: Routledge, 2006. – 314 p.
4. Makoondlall-Chadee T. Environmental Sustainability in Hotels: A Review of the Integrative Frameworks // *Sustainability*. – 2024. – Vol. 14, № 12. – 320 p.
5. Rassiah P. Sustainable environmental management practices: evidence from hotels in Malaysia // *Global Sustainability*. – 2024. – art. e29.
6. Kuo F. I. Proactive environmental strategies in the hotel industry // *International Journal of Hospitality Management*. – 2022. – Vol. 102. – P. 103–118.
7. Shaikh P., Bhautik P. A Comprehensive Study on Sustainable Practices in the Hotel Industry: A Review // *ECS Transactions*. – 2022. – Vol. 107. – P. 479–490.
8. Elhoushy S. Sustainable tourism certification: a systematic literature review // *Journal of Sustainable Tourism*. – 2025. – (ahead of print).
9. Sun J., Li Y., Wang X. et al. Green transition in the hospitality industry: The influence of customer and competitive pressures on sustainability // *Journal of Cleaner Production*. – 2024. – Vol. 450. – P. 140–158.
10. Кабинет Министров Республики Узбекистан. Концепция развития туризма в Узбекистане на 2019-2025 годы. - Ташкент, 2019. - 48 с.

ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ӨНІРЛІК ДАМУ: КАТОНҚАРАҒАЙ МЕН АҚМОЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ЭКОБРЕНДИНГІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЗЕРТТЕУ

М. Х. Каражанова¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Республикасы
(mzhkmir@mail.ru)*

Андатпа: Бұл мақалада Қазақстанның ішкі туристік дестинациялары - Катонқарағай мен Ақмола облыстарының тұрақты дамуындағы туризмнің әлеуметтік маңыздылығы қарастырылады. Мақалада аталған өңірлердің экотуризм саласындағы әлеуетін, жергілікті қоғамдастықтардың қатысу деңгейін, инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін және экобрендинг құралдарын сараптай отырып, өңірлік даму стратегияларымен өзара байланысын ашады. Зерттеу барысында, бақылау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Мақалада экологиялық және әлеуметтік факторлар негізінде екі өңірдің

мүмкіндіктері мен сын-кәтерлері айқындалып, болашақтағы даму бағыттары ұсынылады. Авторлар тұрақты туризмді ілгерілетуде экобрендингтің маңызды рөл атқаратынын және жергілікті қауымдастықтарды тартудың шешуші мәнге ие екенін негіздейді.

Аннотация: В данной статье рассматривается социальная значимость туризма в устойчивом развитии внутренних туристских дестинаций Казахстана - Катон-Карагайской и Акмолинской областей. В статье раскрывается взаимодействие указанных регионов со стратегиями регионального развития с экспертизой потенциала в области экотуризма, уровня участия местных сообществ, инфраструктурных возможностей и инструментов экобрендинга. В ходе исследования были использованы методы наблюдательного и сравнительного анализа. В статье будут определены возможности и вызовы двух регионов на основе экологических и социальных факторов и предложены направления будущего развития. Авторы обосновывают, что экобрендинг играет важную роль в продвижении устойчивого туризма и имеет решающее значение для привлечения местных сообществ.

Abstract: this article discusses the social significance of tourism in the sustainable development of domestic tourist destinations of Kazakhstan - Katon-Karagay and Akmola regions. The article reveals the potential of these regions in the field of ecotourism, the level of participation of local communities, infrastructure opportunities and interaction with regional development strategies, analyzing ecobrand tools. In the course of the study, methods of control and comparative analysis were used. The article identifies the opportunities and challenges of the two regions on the basis of environmental and social factors and proposes directions for future development. The authors justify the fact that eco-branding plays an important role in promoting sustainable tourism, and attracting local communities is of crucial importance.

Түйін сөздер: тұрақты туризм, әлеуметтік тұрақтылық, экобрендинг, туристік дестинация

Ключевые слова: Устойчивый туризм, социальная стабильность, экобрендинг, туристская дестинация

Keywords: sustainable tourism, social sustainability, eco-branding, tourist destination

JEL classification: Q01

Кіріспе. Бүгінгі жаһандану үрдісі туризм саласының әлемдік экономикадағы маңызын арттыра түсті. Туризм тек саяхат пен демалыс емес, ол - әртүрлі мәдениеттермен танысу, табиғи мұраларды тану және халықтар арасындағы байланысты нығайту құралына айналды. Бұл сала әлеуметтік және экономикалық серпінді дамуға жол ашып, жергілікті қауымдастықтарға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Алайда туризмнің жаппай таралуы бірқатар әлеуметтік және мәдени мәселелерді де туындатуда. Әсіресе, жергілікті халықтың өмір салты, мәдени құндылықтары мен әлеуметтік теңдігіне тигізетін ықпалына қатысты алаңдаушылықтар жиілеп отыр. Сондықтан қазіргі таңда тұрақты даму

тұжырымдамасы аясында туризмнің әлеуметтік салдарын терең әрі кешенді зерттеу қажеттілігі өзекті болып отыр.

Аталмыш тақырыпты терең зерттей отырып, бұл зерттеу жобасы туризмнің жергілікті және жаһандық қауымдастықтарға әсерін, оның артықшылықтары мен туындауы мүмкін қиындықтарды жан-жақты талдауға бағытталған.

Тұрақты даму тұжырымдамасы әлем бойынша өзекті салалардың бірі. Ол өзіне экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерден тұрады.

Бұл контексте экобрендинг тек маркетингтік құрал ғана емес, сонымен қатар **жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік дамуына ықпал ететін стратегиялық құрал** ретінде қарастырылады. Яғни, экобрендингтің көмегімен өңірлік туризмнің әлеуметтік маңызын күшейтуге, жергілікті халықты тарту мен табысын арттыруға, мәдени мұраны сақтауға және экологиялық сананы қалыптастыруға жол ашылады. Осыған байланысты Катонқарағай мен Ақмола облыстарының тәжірибесін салыстыра отырып, **экобрендингтің туризмнің әлеуметтік аспектілерін күшейтудегі рөлі мен әлеуетін** айқындау - бұл зерттеудің негізгі мақсатының бірі болып табылады.

Әдебиеттерге шолу. Р. Шохан мен Л. М. Муталиева Central Asian Economic Review өз зерттеуінде туристік дестинация ұғымын тұрақты аймақтық даму механизмі ретінде қарастырады. Авторлар дестинацияның брендинг, инфрақұрылым және жергілікті қауымдастықтардың қатысуы секілді аспектілерінің аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсуіне әсер ететінін негіздейді [1].

Халықаралық ғылыми әдебиеттер арасында J. Urru еңбегі маңызды орын алады. Ол туризмді тұтыну феномені ретінде сипаттай отырып, туристік тәжірибенің әлеуметтік құрылыммен өзара байланысын зерттейді. Туризмді әлеуметтік қатынастар мен мәдени тәжірибелердің ерекше формасы ретінде түсіндіру қазіргі туризм социологиясының маңызды бағытына айналғандығын негіздейді [2].

Сонымен қатар, P. Obrador Annals of Tourism Research зерттеуі отбасылық қатынастардың туризмдегі рөлін ашып көрсетеді. Ол демалыс орындарындағы «қалың әлеуметтік байланыстар» мен тұрмыстық қатынастардың туристік тәжірибеге ықпалын жан-жақты сипаттайды. Бұл жұмыс туризмді зерттеуде жеке және ұжымдық тәжірибелерді ескеру қажеттігін дәлелдейді [3].

Жүргізілген Отандық және шет елдік әдеби шолу нәтижесінде туризмнің дамуы жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және олардың жалпы әл-ауқатын жақсартуға тікелей ықпал етіп жатқанын анықталды.

Әдістеме материалдар. Әлеуметтік тұрақтылықты ескере отырып, туризмнің стихиялы немесе жоспарланбаған дамуы жергілікті қоғамдастықтардың өмір салтына, мәдени ерекшелігіне және әлеуметтік құрылымының үйлесімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты туризм саласындағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту үшін тап болып отырған түрлі өзекті мәселелерге мұқият талдау жүргізілді. Жергілікті қауымдастықтарды маргиналдандыру және олардың туристік жобаларға қатысуын шектеу маңызды мәселе болып табылады.

жергілікті қоғамдастықтың белсенді қатысуы тұрақты туризм моделін қалыптастыруға жол ашады. Бұл жергілікті өнімдерді, қолөнерді, ұлттық тағамдар мен мәдени іс-шараларды насихаттау арқылы туризмді аймақтық экономиканың ажырамас бөлігіне айналдыруды білдіреді. Сонымен қатар, бұл сала жұмыс орындарын құруға, табыс көздерін әртараптандыруға және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

Зерттеу әдісі ретінде талдау жасау үшін Қазақстан Республикасының ресми ұлттық статистика бюросы деректері және салыстырмалы талдау жүргізілді және Ақмола облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы мәліметтері қолданылды.

Зерттеу туризмнің әлеуметтік әділеттілікке, инклюзивтілікке, мәдениетті сақтауға, білім беруге және жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесін зерттейді. Сонымен қатар, туризмнің коммерцияландыру, мәдени бұрмалау, жергілікті ресурстарға қысым жасау және әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі сияқты ықтимал жағымсыз әсерлері де назардан тыс қалмайды.

Осы аталған оң және теріс ықпалдарды нақты өңірлік контексте қарастыру - туризмнің әлеуметтік тұрақтылыққа әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстанның әртүрлі аймақтарында туризмнің даму қарқыны мен ерекшеліктері айтарлықтай өзгеше, бұл өз кезегінде жергілікті қоғамдастықтардың әлеуетіне, мәдениетіне және әлеуметтік жағдайына түрліше әсер етеді.

Нәтижелер мен талқылау. Катонқарағай мен Ақмола облыстары - туризмді дамытуға әлеуеті зор, табиғи-мәдени ресурстары мол аймақтар. Алайда бұл өңірлердегі туризмнің әлеуметтік аспектілері біркелкі емес. Бір жағынан, туризм жаңа жұмыс орындарын ашып, халықтың табысын арттырып, жастардың ауылда қалуына түрткі болуы мүмкін. Екінші жағынан, туризмнің бейберекет дамуы табиғи ортаның тозуына, мәдени мұраның жойылуына және әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуіне алып келуі ықтимал. Осы тарауда екі өңірдің ерекшеліктері мен туризмнің әлеуметтік әсері жан-жақты салыстырмалы түрде талданады.

Бұл зерттеуде Катонқарағай және Ақмола облыстарының таңдалуы бірнеше ғылыми және практикалық факторларға негізделеді. Екі өңір де Қазақстандағы ішкі туризмнің дамуы үшін стратегиялық маңызы бар аймақтар қатарына жатады және олардың әрқайсысы туризмнің әлеуметтік аспектілерін зерделеу тұрғысынан өзіндік ерекшеліктерге ие. Катонқарағай - Қазақстандағы ең ірі ұлттық табиғи парктердің бірі ретінде, экотуризмді дамытудың әлеуеті зор, алайда әлеуметтік инфрақұрылымы мен туризмді ұйымдастыру тәжірибесі шектеулі аймақ болып табылады. Бұл өңірдің табиғи, тарихи және этномәдени ресурстары мол болғанымен, оларды әлеуметтік тұрақтылық пен жергілікті қоғам игілігіне бағыттау мәселелері өзекті күйінде қалып отыр [4].

Ал Ақмола облысы, әсіресе Бурабай және Зеренді сияқты туристік дестинациялары арқылы, елдегі танымал ішкі туризм бағыттарының біріне айналған. Мұнда туризм секторы анағұрлым жүйелі дамып келеді, инфрақұрылым жетілген, әрі мемлекет тарапынан қолдау тұрақты түрде көрсетіліп отыр. Сонымен қатар, бұл аймақта туризмнің әлеуметтік әсерлерін - жұмыс орындарының құрылуы, тұрғындардың өмір сүру сапасының артуы

немесе керісінше маусымдық теңсіздік сияқты мәселелерді бақылауға мүмкіндік бар [5].

Осылайша, бір жағынан - әлеуеті жоғары, бірақ әлі де даму сатысындағы Катонқарағай, екінші жағынан - салыстырмалы түрде дамыған және жүйеленген Ақмола облысы туризмнің әлеуметтік мүмкіндіктері мен сын-қатерлерін салыстыра зерттеуге қолайлы эмпирикалық база ұсынады. Мұндай тәсіл өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, тұрақты туризмді дамытуға бағытталған тиімді стратегиялар мен ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл екі өңірді зерттеуде экобрендинг ұғымын енгізу - қазіргі туризм индустриясында әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық қағидаттарын үйлестіре қарастыру қажеттігінен туындайды. Катонқарағай мен Ақмола облыстары табиғи байлықтары мен рекреациялық әлеуеті арқылы экотуризмнің басты бағыттарының бірі бола отырып, аймақтық экобрендингті қалыптастырудың әртүрлі сатысында тұр. Катонқарағайда экобрендинг негізінен табиғатты сақтау мен дәстүрлі өмір салтын насихаттауға бағытталған, бірақ ол әлі де институционалды деңгейде жүйеленбеген. Ал Ақмола облысында, әсіресе Бурабай кластері шеңберінде экобрендинг элементтері (экологиялық имидж, тұрақты турөнімдер, «жасыл» инфрақұрылым) белгілі бір деңгейде қалыптасып, аймақтың тартымдылығын арттырып отыр.

Катонқарағай - Шығыс Қазақстан облысындағы ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың бірі ретінде экотуризмді дамытуға үлкен әлеуетке ие. Бұл өңір Қазақстандағы ең ірі ұлттық парктердің бірі саналатын Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізінде орналасқан. Табиғи ландшафттардың әртүрлілігі, флора мен фаунаның байлығы, сондай-ақ дәстүрлі ауыл өмірі - бұл аймақтың экобрендтік ерекшеліктерін айқындайтын негізгі факторлар.

Алайда, қазіргі уақытта Катонқарағай өңірінде экотуризмнің даму деңгейі шектеулі күйде қалып отыр. Туризм инфрақұрылымының әлсіздігі, көлік қолжетімділігінің төмендігі және кәсіби кадрлардың тапшылығы - экобрендинг стратегиясын толыққанды жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторлар қатарында. Сонымен қатар, жергілікті қауымдастықтың туризм саласына жеткілікті деңгейде тартылмауы да аймақтың әлеуметтік дамуына шектеу қояды.

Дегенмен, өңірде экобрендингтің әлеуеті жоғары. Туристік өнімдер жергілікті табиғи және мәдени ресурстарға негізделіп жасалуы мүмкін: агротуризм, шөппен емдеу, этнотуризм, экологиялық жаяу маршруттар және т.б. Бұндай турөнімдер Катонқарағайдың табиғи бейнесі мен өмір салтын сақтай отырып, **жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, мәдени мұраны дәріптеу және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету** бағытында тиімді құралы бола алады.

Ақмола облысы, әсіресе Бурабай мен Зеренді курорттық аймақтары, ішкі туризмді дамытуда айтарлықтай ілгеріледі. Бұл өңірлерде туризм инфрақұрылымы салыстырмалы түрде жақсы дамыған, қонақ үйлер, туристік ақпарат орталықтары, маршруттар жүйеленген. Экобрендингке келсек, Бурабай «Қазақстанның інжу-маржаны» ретінде ұсынылып, оның табиғи және экологиялық құндылықтары брендтік бейне арқылы насихатталып жүр [6].

Ақмола облысында экобрендинг құралдарының тиімді қолданылуы жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, жас кәсіпкерлердің экотуризм саласына енуіне, ауылдық жерлердің экономикалық жандануына алып келуде. Зеренді өңірінде, мысалы, туристік агрофермалар, отбасылық демалыс үйлері мен экологиялық бағыттағы турөнімдер кең таралуда. Сонымен қатар, жергілікті әкімшілік пен туристік ұйымдар табиғатты қорғау мен туризмді үйлестіруге бағытталған бағдарламаларға қатысуда. Бұл әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мен экожүйені қорғаудағы маңызын көрсетеді. Яғни, Ақмола облысы экобрендинг арқылы тұрақты әлеуметтік даму жолына түскен он мысалдардың бірі бола алады.


Катонқарағай мен Ақмола облыстарының туризмді дамыту тәжірибесі мен әлеуметтік ықпалы бірқатар ортақ және айырмашылықты сипаттарға ие. Екі өңір де табиғи байлықтар мен экологиялық әлеуетке ие, алайда оларды пайдалану мен экобрендинг арқылы жүзеге асыру деңгейі әртүрлі.

Ақмола облысында, экобрендинг жүйелі түрде енгізіліп, туризм инфрақұрылымының дамуы, маркетингтік стратегиялардың тиімділігі, туристік қызметтердің стандартталуы аймақтың тартымдылығын арттырды. Бұл өңірде жергілікті халықтың туризм арқылы табыс табуына және әлеуметтік жағдайының жақсаруына нақты алғышарттар жасалған [7].

Катонқарағай өңірі, өз кезегінде, бірегей экожүйесі мен мәдени мұрасына қарамастан, әлеуетін толық іске асыра алмай отыр. Бұл көбінесе экобрендингтің жеткілікті деңгейде қолданылмауы, ақпараттық-таныстыру жұмыстарының әлсіздігі және қаржылық, институционалдық қолдаудың шектеулігімен байланысты. Алайда бұл өңір - ұзақмерзімді даму тұрғысынан алғанда, «таза» экотуризм мен әлеуметтік әділетті туризм құруға ең қолайлы платформа болып табылады.

Осы екі мысалдың салыстырмалы талдауы Қазақстандағы ішкі туристік дестинацияларды дамытуда экобрендингтің маңызын айқындай түседі. Бұл бағыт әлеуметтік ықпалды арттырып қана қоймай, тұрақты дамудың негізгі қағидаттарына сәйкес экологиялық және мәдени ресурстарды сақтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық парктердің экожүйелік және туристік әлеуетін нақты бағалау үшін сапалық көрсеткіштер мен келушілер санына талдау жасау маңызды. Осы орайда, төменде ұсынылған диаграммалар Қазақстандағы бірқатар ұлттық парктердің көрсеткіштерін салыстыра отырып, экобрендинг тұрғысынан даму мүмкіндіктерін бағалауға негіз болады [8].



1-сурет. Ұлттық парктердің сапалық көрсеткіштерінің жиыны
 * stat.gov.kz/region/akimola/ негізінде автормен құрастырған

1-суретте көрсетілгендей, ұлттық парктердің сапалық көрсеткіштер бойынша жиынтық бағасын көрсетеді. Бұл көрсеткіштерге инфрақұрылымның жағдайы, табиғи ресурстардың сақталуы, экологиялық білім беру мен туризмге бейімделу деңгейі кіреді. Бұл тұрғыда Іле-Алатау (24 балл), Қатонқарағай (19 балл) және Бурабай (19 балл) ұлттық парктері алдыңғы қатардан көрінеді.



2-сурет. Қазақстан ұлттық парктерінің жылдық келушілер саны
 * stat.gov.kz/region/akimola/ негізінде автормен құрастырған

2-суретте, келушілердің жылдық саны бейнеленген. Мұнда Бурабай мен Іле-Алатау ұлттық парктері айқын басымдыққа ие болып отыр (тиісінше 650 мың және 400 мыңнан астам келуші), ал Қатонқарағай ұлттық паркі келушілер саны бойынша ең төмен көрсеткішке ие (шамамен 20 мың келуші).

Бұл деректер Қатонқарағай ұлттық паркінің сапалық жағынан жоғары бағаланғанына қарамастан, оның экобрендингтік әлеуетінің жеткілікті дәрежеде жүзеге аспағанын аңғартады. Демек, бұл аймақта тұрақты туризм мен экобрендинг құралдарын тиімді пайдалану арқылы туризмнің дамуына серпін беруге мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Керісінше, Бурабай ұлттық паркінің туристік ағыны жоғары болғанымен, экологиялық сапалық көрсеткіштер бойынша одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Осы екі парк арасындағы айырмашылықтар олардың экобрендтерін қалыптастырудағы басымдықтары мен әлсіз тұстарын анықтауға негіз болады.

Қортырынды. Тұрақты туризм және өңірлік даму: катонқарағай мен ақмола облыстарының экобрендингтің негізделген зерттеу негіздері мынадай тұжырымдарға алып келді:

-Экобрендинг қазіргі таңда тек маркетингтік құрал ғана емес, сонымен қатар өңірлік қауымдастықтардың әлеуметтік дамуына әсер ететін маңызды стратегиялық тетік ретінде қарастырылды.

-Ол жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, мәдени мұраны сақтауға, экологиялық сана қалыптастыруға мүмкіндік береді.

-Катонқарағай мен Ақмола облыстарының тәжірибесін талдай отырып, экобрендингтің туризмнің әлеуметтік аспектілерін күшейтудегі маңызы айқындалды.

Бұл зерттеудің қорытындысы – экобрендинг тұрақты туризмді дамытуда әлеуетті құрал болып табылатынды сараланды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шохан Р., Муталиева Л. М. Туристская дестинация как механизм устойчивого развития региона //Central Asian Economic Review. – 2023. – №. 3. – С. 83-93.

2. Urry J. Theconsumption'of tourism //Sociology. – 1990. – Т. 24. – №. 1. – С. 23-35.

3. Obrador P. The place of the family in tourism research: Domesticity and thick sociality by the pool //Annals of tourism research. – 2012. – Т. 39. – №. 1. – С. 401-420.

4. Садықов Ж. А., Елеусіз Л. Т., Гиззатжанова А. Г. Экономика, туризм //Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті. – С. 40.

5. Алиева Ж. Н., Аблеева А. Г., Калиаскарова З. К. Экологический туризм и его роль в устойчивом развитии //ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. – 2013. – Т. 2. – №. 1. – С. 12.

6. Salnikov V. G., Assipova Z., Aktymbayeva A. S. устойчивое развитие и социальный туризм. Тұрақты даму мен әлеуметтік туризм //Eurasian Journal of Ecology. – 2016. – Т. 38. – №. 2/1.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Ақмола облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, 2024 жыл – Қолжетімді: <https://stat.gov.kz/region/akmola/>

8. Ақмола облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы. Ақмола облысы бойынша 2024 жылғы халық саны туралы ақпарат <https://www.erulik.kz/region/1>